

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы Сексуалды құқық:

Сексуалды құқық: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 3 декларациясы.

Сексуалдылық – бұл адам заттың алмастырылмайтын және негізгі өмір сүру бөлігі және өмірдің құнды аспектісі болып табылады. Негізінен халық денсаулықтың жоғарғы стандарттарына қол жеткізу үшін олар өздерінің жыныстық және репродуктивтік таңдауына құқылы болуы керек. Олар өздерінің жыныстық жақтарын нақты және қорғалғандығын сезіне білу керек.

Қазіргі таңда көптеген адамдарға дискриминация, арсыздық, қорқыныш, зорлық сияқты жағдайлар үлкен қауіп төндіріп отыр. Осындай үрейлер мен олар туғызатын жағдайлар көптеген адамдарға сексуалды денсаулық құқықтарына қол жеткізуге кедергі жасауы мүмкін, мұндай жайттар бәсеңдеп немесе қауіп төндіретін деңгейге дейін өзгеріп отыруы мүмкін.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы өз мақсаттарына жету үшін арақатынас, универсалдылық, өзара байланыс және бірегейшілік сияқты принциптерді қамтитын адам құқықтарын қолдану негізінде іске асырады. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы сексуалдылық құқықтарының адам құқықтары ішіндегі алмастырылмайтыны екенін мойындайды және де олар бүкіл жер шары халықтарының бостандығын, теңдігін, ар-ұятын қамтамасыз етіп отыратын сексуалды сферадағы өзгермелі бір биік болып табылады.

Біз адамзаттың сексуалды құқықтарын адам құқықтарының бірі ретінде сақталып тұруын қамтамасыз етеміз, сонымен қатар оларға керекті қызмет көрсетіп бұл құқықтардың жоғарғы орталарда да іске асуын қадағалап отырамыз.

Сексуалдылық құқықтары: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы дүние жүзінің көптеген аймақтарында жасалған екі жылдық жұмыстардың жемісі болып табылады. Бұл жүйе құрамында Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерациядан көп жылдай стаждары бар, сексуалдылық және репродуктивтік денсаулық, адам құқықтары және денсаулық сақтау жүйесінің халықаралық өкілетті сарапшыларының қатысуымен жасалып шығарылды, олардың әрқайсысы декларацияға өздерінің жаңа көзқарастарын енгізуі арқасында декларация сан қилы тәжірибелерге ие.

Сонымен қоса бұл топтың құрамына ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация секретариятының үш жоғарғы директорлары енгізілді. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы бүкіл федерация деңгейінде өткізілген көптеген аймақтық кездесулер мен іс шаралардың жемісі болып табылады және де Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның сексуалдылық пен репродуктивтілік құқықтарын ескере отырып негізін құраған. Жаңа мыңжылдықта 1994 жылғы ICPD (БҰҰ-ның халықтарды орнықтыру және

дамыту бойынша халықаралық отырысы) бағдарламасының бағыттары бойынша даму негізіндегі мақсаттарға қол жеткізгенімізбен, әлі де болса көптеген іс атқарылуын ұмытпау керек.

Сексуалдылық құқықтарының адам құқықтары ішіндегі алмастырылмайтыны және де олар бүкіл жер шары халықтарының бостандығын, теңдігін, ар-ұятын қамтамасыз етіп отыратын сексуалды сферадағы өзгермелі бір биік болып табылады. Бұл құқықтар шеттетілмеу керек. Біз өз жұмысымызға беріктігімізбен тұрақтылығымызды көрсетіп, сексуалдылықтың адам өмірінің позитивті аспектілері екенін көрсетіп, осы көзқарастарға деген әлеуметтік кедергілерді азайтып, керісінше осы саладағы қызмет көрсетуге бағытталған шараларға қол жеткізуді қамтамасыз ету керек.

Трансгендер, секс қызметкерлері, ерлермен жыныстық қатынасқа түсетін ерлер, қызтеке, өз еркінсіз әйелдікке берілетін қыздар, лесбиянкалар, әсіресе аналар мен балалар сияқты топтар біздің көмегімізді қажет етеді. Сонымен қатар декларацияға ерлердің қалауымен жасалынған зорлық зомбылық жағдайлардан зардап шеккен әйелдер мен қыздарға да қатысты.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы көптеген ұйымдардың, актерлардың, зерттеушілердің, саясаткерлердің, басшылардың адамдық құқықтарын қорғауда үлкен рөл атқарады. Бұл декларация сексуалды және репродуктивтік денсаулықты қорғаушыларға адам өміріне көптеген маңызды жаңалықтар енгізуіне көмектеседі және де бұл 2015 жылы өтетін халықты орналастыру мен дамуына бағытталған халықаралық конференцияның өткізілуіне дайындық жасауға көмектеседі. Көбінесе жасырын болып қалатын сексуалды құқықтар біздің жұмысымыздағы ең маңыздысы болып табылады. Бұл құқықтарды бағалайтын және қайта талап етуге уақыт жетті.

Бұл декларацияның сіздің жұмысыңызға адал қызмет ететініне үміттенеміз.

Жаклин Шарп, Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация президенті

АЛҒЫСӨЗ

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 4-ші декларациясы

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 5-ші декларациясы

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы сексуалды және репродуктивтік құқықтары негізіндегі хартиясында жасалатыны шешілді, ол тарихи құжаттарда көптеген биіктерден көрініп, ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация ұсыныстарындағы адам құқықтарының алға жылжуына ықпалын тигізеді. Бұл декларацияның іске асуына жер шарының батыс бөлігінде өткізілген Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның сексуалды құқықтарға байланысты жасалынған жұмыстары да көмегін көрсетті. 2008 жылдың

мамыр айында декларация Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияға қаралуға беріліп онымен бекітілді.

Сексуалды құқықтардың комиссия құрамына өз еркімен келген адамдар, Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияда бірнеше жыл стажы бар қызметкерлер, сексуалды және репродуктивтік денсаулық және құқық жағынан әр елдің халықаралық беделді адамдары кірді. Төменде комиссия мүшелерінің тізімі көрсетілген:

- Мариэм Минт Ахмед Айша

Басқармашылық өкілі, Мавритания

- Хоссам Бохгат

Египеттің адам құқықтарын қорғау инициативасының директоры, Египет

- Д-р Кармен Баррозо

Аймақ директоры, Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация /WHR

- Герт-Инге Брандер

Басқармашылық өкілі, Швеция

- Профессор Поль Хант

Денсаулыққа құқықтылықтың арнайы жеткізушісі

- Д-р Алис Миллер

Колумбиялық университет/Беркли, Калифорния университетінің құқық профессоры, АҚШ

- Маду Бала Нат

Аймақ директоры, Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация /SARO

- Д-р Наоми Мампело Себони

Басқармашылық өкілі, Ботсвана

- Д-р Ноно Симелела

техникалық сұрақтар мен эксперттік көмек бойынша директоры.

- Танг Кун

Басқармашылық өкілі, Қытай

- Д-р Эстер Виченте (Төраға)

Басқармашылық өкілі, Пуэрто-Рико

- Д-р Джил Грив (мәртебесі бойынша)

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация Бас директоры

- Д-р Жаклин Шарп (мәртебесі бойынша)

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация президенті

Комиссия мүшелері өздерінің алғашқы кездесулерінде барлығы бір шешімге келді, ол сексуалды құқықтар декларациясының тарихи маңызының өте жоғары екендігінде еді.

2006 жылдың қараша айында жоғарғы басқарушы орган Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерациясы сексуалды құқықтар жөніндегі комиссияны марапаттады, оларға сексуалды құқықтар декларациясындағы жұмыстарға Федерацияны енгізіп бағыттап отыру жүктелді.

Сексуалды құқықтар: 6-шы Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның декларациясы Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның тыныс тіршілігі мен басты міндеті болды. Егерде Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның сексуалды және репродуктивтік құқықтары бойынша хартиясы 1994 жылы басылымға шыққаннан бастап өз қызметкерлеріне жаңа ойларға жол ашып бергенде, онда басқаша мәселелер көтеріліп, өте нәзік болып табылатын сексуалды құқықтардың басқа да жақтары қаралып терең зерттелер еді, қазір олар кейде жақталып кейде шеттетіліп екі түрлі көзқарас тудыруда. Бұл хартия сексуалды құқық пен репродуктивті құқық арасындағы айырмашылықты түсінуге мүмкіндік берді және де бұл түсінік сексуалды құқықтарға байланысты нақты жұмыс бабын енгізуге көмектеседі. Комиссия мүшелері декларацияның денсаулықты жақсартуға Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация клиенттерінің жағдайын жақсартуға осы мыңжылдықтың мақсаттарына қол жеткізуіне ықпалын тигізетінін туралы шешім қабылдады. Сексуалды құқықтар декларациясын құрастыру шараларының өзі федерация ішінде түсінушіліктің бірден бір құралы болып табылды.

Декларацияны жасау барысындағы халықтық, аймақтық, халықаралық міндеттер федерация қызметкерлеріне сексуалды және репродуктивтік адам құқықтарын айырмашылықтарын тереңірек меңгеруге мүмкіндік берді. Сарапшылар арасындағы пікірталас сексуалды құқықтардың физикалық және психикалық денсаулықты дамытуда, сексуалды құқықтар мен бостандық құқықтарының арасындағы байланыстар маңыздылығын одан ары күшейтті.

Бұл жаңа түсініктер осы декларацияны толығымен қамтып отырды. Декларацияны жасау барысында әр аймақты көрсетіп отыратын мәдени шаралар мен діни көзқарастарды естен шығармаудың маңызды екені байқалып отырды. Комиссия мүшелері сексуалды құқықтарды адам құқықтары ішіндегі маңыздыларының бірі екенін ықпал да дәлелдеп отырды. Сонымен қатар мұны қолдаушылар сексуалды құқықтар жайлы, мәдениет және дін, балаларды зорлап тұрмысқа шығару, секс қызметкерлері жайлы, және федерация кездесіп отыратын әр деңгейдегі репродуктивті технологиялар жайлы ашық сөйлесуді қалады. Әр аймақ ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация қызметкерлері өздерінің мәдени тәжірибелері мен тарихтарын ескере отырып сексуалды құқықтардың мәселелерін реттеп отырды. Осы тәжірибе мысалдары декларацияны жасауда қолданылды. Араб елдерінің өкілдері 2007 жылы Рабатта кездесу өткізді. Бұл кездесуде сексуалды және репродуктивтік құқықтар қаулысы қабылданды. Европа бірлестігі 2007 жылы маусым айында қызтеке, трансгендерлік тұлғаларға, гей бойынша сұрақтарға семинар өткізді, онда халықаралық гейлер мен қызтекелер ұйымының Европалық бөлімшесінің президенті қатысты (ILGA). Сексуалды құқықтар декларациясы Африка аймақтарының үкімінде, оңтүстік африкалық аймақтардың бірлескен отырысында, шығыс және оңтүстік шығыс Азия және Океания елдерінің

бірлескен отырыстарының басты құралы болып табылды. Жер шарының батыс бөлігі аймақтарының отырыстарында бірнеше сарапшы топтардың пікір таластары өтті, олардың құрамына: адам құқықтарының активистері Соня Корреа, американың азаматтар бостандығы бірлестігінің атқарушы директоры Энтони Ромеро және Умберто Аранго ол жер шарының батыс бөлігінің аймақтық бюросынан. Араб елдерінің өкілдері тәрізді Рабатта өткен отырыста шығыс елдерінің өкілдері де деклорацияны шығару арқылы аяқтады. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның бас директоры әр аймақтық отырыстарда қатысып отырды. 2007 жылдың қараша айында комиссия «Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация деклорациясы сексуалды құқықтар» құжатын енгізіп, басқарма мен федерация мүшелерінен, аймақтық бюро басшыларына және ассоциация мүшелерінен құжатты дайындау барысында пайда болған сұрақтарды талқыға салуын сұрады.

Декларация басқармашылықпен 2008 жылдың мамыр айында бекітіліп күшіне енді. Декларация Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның бағалы құндылығы болып табылады, соның арқасында федерация барлық әсіресе сексуалдылықпен байланысты құқықтар мен адамдар намысы сақталған, бостандық пен теңдік кепілденген жаңа мемлекет орнатамыз деп сенеді.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 7 ші деклорациясы

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясының ұстанымы халықаралық келісімдерге сай. Бұл деклорацияның негізгі бағыттары қазір қызмет ететін Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның басылымдарында жарияланған және оның ассоциация өкілдері Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияны биікке көтеру мақсатында үлкен қызметтер атқаруда. Деклорацияны жасау барысында БҰҰ келісімі, БҰҰ-ның арнайы хабаршылары, 2004 жылы шыққан адам құқықтары мен денсаулықты дамытудың басты шыңы тақырыбындағы БҰҰ комиссиясының арнайы хабаршысының зерттеу қорытындылары пайдаланылды. Ол сексуалды және репродуктивтік денсаулық және құқық деңгейіндегі ең мықты деген, мысалы Пол Хант БҰҰ-ның арнайы хабаршысы сияқты сарапшылардың қатысуымен жүзеге асырылды. Бұл резюме деклорацияға альтернатив емес, керісінше деклорацияның әр түрлі бөлімдеріне ендірілу жолы болып табылу керек. Бұл резюме деклорацияның толық жазбасын көрсетіп, оқырмандарға сексуалды құқықтар мен олардың қорғалуы жайлы толық ақпарат алуына мүмкіндік беру керек.

«Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы» құжаты үш бөлімнен тұрады:

- Преамбула, мұнда деклорацияның негізгі идеялары, Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның мақсаттары мен кіріспелері, халықаралық құжаттар мен келісімдер, сексуалды репродуктивтік адам құқықтары ерекшеліктері арасындағы байланыстар көрсетілген, сонымен

қатар қысқаша халықаралық заң шығару органдарының қызметі мен адам құқықтарын қорғау жайлы көрсетілген.

- декларацияның құрамына кіріп, бекітіліп, келешекте қорғалып ары қарай дамуын қамтамасыз ететін сексуалды құқықтардың негізгі жеті принципі қызмет етеді. Сексуалды құқықтарды адам құқықтарының ішіндегі маңыздыларына жатқызады. Олар бір уақытта ортақ, бөлінбейді және де олар дискриминация принциптеріне сай болып табылады.

- қорытынды бөлімінде «сексуалды құқықтар – адамдардың сексуалдылығына байланысты құқықтары» қысқаша он сексуалды құқықтар көрсетіледі. Сексуалды құқықтарда сексуалдылықпен байланысты рұқсат етілген шектелулерді қамтиды, бұл құқықтардан бостандық, теңдік, жеке өмір, автономия, барлық адамдардың ар намыстары бөлек шығарылады. Сонымен қатар дүние жүзі халықтарының, ұйымдардың және аймақтардың ерекшеліктерін және тарихи, мәдени, діни көзқарастарын ескеру керек. Бұл жағдайда сексуалды құқықтар бойынша декларацияны тарату барысында үлкен көмегін тигізеді және осыған қарап отырып сексуалдылық пен сексуалды құқықтардың адам құқықтары негізінде жасалғандығын аңғарамыз, және де бұл сексуалды құқықтардың шындық, дүние жүзінің денсаулығын сақтауының бір жолы ретінде танылып, бұдан келесі принциптерді шығарамыз, олар төменде көрсетілген:

1 Принцип. Сексуалдылық кез келген ортада адамның ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан ортаға әр адам өзінің сексуалды құқықтарын ыңғайлы қолдануға жағдай жасалуы керек.

Қысқаша түсінік

Сексуалды құқықтар: [Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы](#) халықаралық адам құқықтарын қорғау органдарын құрал көзі ретінде қолданады.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның [8-ші декларациясы](#)

Сексуалдылық кез-келген ортада адамның ажырамас бөлігі болып атбылады. Егер әр адам өз өмірінде өзінің сексуалды өмірін ішкі және сыртқы факторларға байланысты әр түрлі өткізсе де адам құқықтары осылардың әрқайсысында сақталып тұруы керек. Сексуалды құқықтар адам құқықтарының маңыздысы болып табылады, олар барлық адамдардың бостандығына, теңдігіне, қажеттігіне негізделеді. Одан басқа сексуалдылықты адам өмірінің оң жақтары ретінде қарау керек.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның сексуалдылық және репродуктивтік денсаулық хартиясы даму көзі адам деп қабылдайды, сондықтан да әр адам өзінің сексуалды өмірін қолайлы өткізу керек, ол әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуға ықпалын тигізеді.

2 Принцип. Он сегізге жасы толмаған жеткіншектер мен үлкен адамдардың құқықтарын қорғау шаралары [ерекшеленеді](#) және жеке алынған әр баланың жағдайына байланысты өзгеріп отырады. Сонымен қатар жасы он сегізге толмаған азаматтардың да құқықтары кей жағдайларды үлкендермен салыстырғанда өзгеріп отыратынын Ата-аналықты жоспарлаудағы

Халықаралық федерация түсінеді. Бұл ерекшеліктер адам құқықтарының барлық аспектілеріне байланысты, сексуалды құқықтарға келгенде абай болу керек. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның айтуынша жасы он сегізге толмаған адамдар құқықтары деңгейіне байланысты сәбилік, балалық, жеткіншектіктердің құқықтары сияқты құқықтарға ие.

Сонымен қатар өзгеріп отыратын принциптер негізінде балалардың ар намысы, оларға деген сый-құрмет, оларды кез-келген жаман заттардан қорғау, олардың өз қорғауларына өздерін қатыстыру сияқты бағыттар қаралады. Орта балалардың өз ойларын өздеріне ыңғайлы етіп іске асыруына көмек көрсету керек, бұл оларға өз өмірлерінде қажетті шешімді өздері қабылдауына көмектеседі және бұл жағдайлар үлкен құрметке ие.

3 Принцип. Дискриминация жасамау дегеніміз барлық адамдардың құқықтарының сақталып тұруын айтамыз. Дискриминация жасамау ұғымын адам құқықтарының толық қорғалып сақталып тұруы екенін Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация түсінеді. Бұл шектеулі концепция кез-келген шектелулерді шектейді, оған жасы, жынысы, гендері, сексуалды бағыты, азаматтық жағдайы, сексуалды мінез-құлқы, нәсілдік немесе этникалық жақтары, тілі, діні, саяси, әлеуметтік, ұлттық, географиялық шыққан жері, туылған жері, иемділігі, физикалық және психикалық артта қалулары, денсаулық жағдайы, АҚТҚЖҚТБ қосқанда және басқа да жоғары статустарына қарамастан адам құқықтарын олар бірдей бағалап, бірдей қолдануы керек.

Өздерінің сексуалды құқықтарына жету жолдарында адамдар көптеген кедергілерге жолығады. Шын тепе-теңдік кез-келген адам негізгі сексуалды құқықтарды пайдалану үшін осы кедергілерді жоюды талап етеді. Бұл қоғам ішіндегі ерекше топтарға көбірек көңіл аудару керек екендігін көрсетеді.

4 Принцип. Сексуалдылық және ләззат әкелетін сезімдер адам өмірінің басты аспектісі болып табылады, ол бала туу шешімдеріне қатысы жоқ. Сексуалды денсаулық адамның кез-келген өмір сүру деңгейінде маңызды. Ол адам өмірінің ажырамас бөлігі.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 9-шы декларациясы

Сексуалдылық – бұл репродуктивтік қажеттіліктерді қанағаттандыру көзі ғана емес. Сексуалдылықтан сексуалдылыққа жатпайтын өндірушілікке байланыссыз ләззат ала білу керек, сонымен қатар бұл жағдайлардан кезінде бас тартқан, қазірде бас тартып жүрген адамдардың жағдайын естен шығармау керек.

5 Принцип. Барлығына бірдей сексуалды құқықпен қамтамасыз ету дегеніміз ортаны жағымсыз идеялардан сақтау болып табылады. Сексуалды құқықтар негізінде көмек сұрап келген зардап шеккен адамды кез-келген зорлық жолдарынан қорғау болып табылады. Сексуалдылыққа еріксіз итермелеу дегеніміз физикалық, вербальды, психикалық зұлымдық ретінде қаралып, олардың жынысына, гендеріне, біртектілігіне, сексуалды бағытына, сексуалды тәжірибесіне, сексуалды мінез-құлқына деген сыйсыздықты

көрсетеді. Барлық балалар мен жеткіншектер барлық зорлық көздерінен ерекше қорғау алуға құқылы. Бұл дегеніміз балаларды жезөкшеліктен, зорлықтардың барлық түрлерінен, қатігездіктен, балаларды сексуалдылыққа кез-келген еріксіз итермешілуліктен, балалардың порнографиялық көріністер мен ақпараттардан сақтануына көмектеседі.

6 Принцип. Сексуалды құқықтарға байланысты жалғыз ғана шектеу болып құқықтарды сыйлау мен мойындау мақсатында, демократиялық қоғамда басқалардың еркінділігін және жалпы ырыс-берекесін қамтамасыз етуді заңдық жолмен қарастыру.

Мұндай шектеулер дискриминацияланбаған және мақсатқа жету үшін қажетті және өлшемдері сай болуы керек. Сексуалды құқықтарды қолдану жеке және ортаның пікірлермен, әр түрлі көзқарастармен, әрқилы жағдайларға сый-құрмет, теңдік көрсету арқылы басқарылуы керек.

7 Принцип. Барлық сексуалды құқық пен бостандыққа қолданылатын қорғау мен сый-құрмет көрсету міндеттері.

Сексуалды құқық пен бостандық негізінде заңмен бекітілген құқықтардан тұрады, сонымен қатар осы құқықтардың іске асуына мүмкіндіктерден тұрады. Адамдардың басқа құқықтары сияқты сексуалды құқықтарға да жауапкершілікті мемлекет үш деңгейде бағыттайды: әр адамның сексуалды құқықтарын ұстану, қорғау, орындау.

“Ұстану” міндеті белгілі бір құқықтың орындалуына мемлекеттің тікелей немесе жанамалы түрде де араласпауы болып табылады – бұл жағдайда сексуалды құқықтарға байланысты. Мемлекеттің «Қорғау» міндеті адам құқықтары үшінші бір жақтардан жасалатын кедергілердің алдын алу болып табылады. Мемлекеттің «орындау» міндеті құқықтарының орындалуына байланысты белгілі бір заңдық тұрғыдан, басқармашылық, бюджеттік, соттық, ағарту жұмыстарының іске асуын талап етеді.

[Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 10-шы декларациясы](#)

[Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 11-ші декларациясы](#)

Сексуалды құқықтар бұл адамдардың сексуалдылыққа деген құқығы

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация айтуы бойынша сексуалдылық бұл адамдардың құқығы.

Сексуалды құқықтарда сексуалдылықпен байланысты рұқсат етілген шектелулерді қамтиды, бұл құқықтардан бостандық, теңдік, жеке өмір, адамдардың ар намыстары бөлек шығарылады. Сексуалды он құқық төменде көрсетілген:

1 бап. Теңдікке заң жағынан теңдей көмек алуына, жынысына, сексуалдылығына, гендеріне байланысты дискриминацияның кез келген түрінен бостандық алуына құқылы.

Барлық адамдар ар намысы мен құқық жағынан бірдей болып туылады және де жынысына, сексуалдылығына, гендеріне байланысты дискриминацияның кез-келген түрінен бостандық алуына бірдей құқылы.

2 бап. Жынысына, сексуалдылығына, гендеріне байланыссыз барлық адамдар қатысуға құқылы. Барлық адамдар өздеріне қолайлы ортада өмір сүруіне, азаматтық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, саяси сияқты адам өмірінің аспектілеріне қатысуына құқылы және де оларға өздерінің жинақтарын жергілікті, халықтық, халықаралық деңгейде енгізуге құқылы. Мұндай шаралар адам құқықтары мен бостандықтарына жоғарғы дәрежеде қол жеткізуге болады.

3 бап. Өмір сүруге, бостандыққа, қауіпсіздікке, денелік жарақаттардан қорғануға құқылы. Барлық адамдар өмір сүруге, бостандыққа, қауіпсіздікке құқылы, егер ар намысы тапталып, оларға зұлымдық сексуалды бағытына, азаматтық жағдайына, сексуалды мінез құлқына, АҚТҚ\ЖҚТБ статусына қарамастан олардың сексуалдылығы еш бір зорлық зомбылықсыз өтуі керек.

4 бап. Әр адам өз жеке өміріне құқылы. Әр адам өзінің жеке өмірін, отбасын, жеке мүліктерін қорғауына құқылы, онсыз адам сексуалды автономияны жүргізе алмайды.

5 бап. Заң алдында жеке автономияға құқылы. Барлық адамдар заң алдында өздерінің сексуалдылығының бостандығына ие. Бұл адамдардың жеке шешімдер қабылдауына, сексуалдылыққа байланысты сұрақтарын реттеуіне, өз серіктестерін таңдауына, өз сексуалдылығын пайдаланып басқа адамдардың құқықтарын сақтай отырып, дискриминациядан тыс жағдайларда ләззат алуына құқылы.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 13-ші декларациясы

6 бап. Ойлау қабілетіне, өз пікірін айта білуіне, бірігушілікке құқылы. Барлық адамдар ойлау қабілетіне, сексуалдылыққа, гендерлік жекешелікке идеологиялық, дискриминациялық, саяси, халық денсаулығы мен халық қауіпсіздігіне негізделген сексуалды құқықтарға, сексуалды бағыттарға деген еш шектеу мен кедергісіз өз пікірін айта білуіне құқылы.

7 бап. Денсаулыққа және ғылыми прогрестердің жемісін көруге құқылы. Барлық адамдар физикалық және психикалық денсаулықтың жоғарғы шыңына жетуге құқылы, оларға денсаулықты анықтаушы факторлар, сексуалды денсаулыққа байланысты көмек, алдын алу шаралары, сексуалды бұзылыстардың кез-келген түрінде диагностика мен ем жүргізу шаралары жатады.

8 бап. Ақпараттар мен білім алуға құқылы. Барлық адамдар дискриминациясыз сексуалдылық жайлы ақпараттар мен білім алуға құқылы, бұл оларға мемлекет, саясат деңгейінде тең құқылы азамат болуына ықпалын тигізеді.

9 бап. Отбасын құру-құрмауын таңдауға, отбасын жоспарлауға, бала көтеру және көтермеуге құқылы. Барлық адамдар отбасын құру-құрмауын таңдауға, отбасын жоспарлауға, бала көтеруге, көтерсе неше бала және қанша уақытта көтеруіне және некелерін заңды түрде бекіту-бекітпеуіне құқылы.

10 бап. Жауапкершілікке және шығындарының өтелуіне құқылы. Барлық адамдар эффективті, адекватты, заңды, соттық, қол жеткізерліктей жолдармен өз сексуалдылығына нұқсан келтірген адамдарға өз алдында толық жауап алдыртуына құқылы. Бұл сексуалды құқықтарды толық мониторинг жасап отыруға көмектесіп, сексуалдылығы бұзылған кездерде заң жағынан толық қорғау алуына, сонымен қатар шығындардың өтеліп, реабилитация мен компенсацияның төленуін қамтамасыз етуге құқылы. Сонымен қатар мұндай жағдайлардың қайта қайталанбауына кепілдік алуына құқылы.

«Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы» құжаты ассоциация өкілдеріне олардың қызмет көрсетуші құрылым екендерін түсіндіріп, нақты міндеттерін бекітеді. Олар адамдарға көрсетілетін көмектердің сапасын жоғарылатуға бағытталған жұмыстарға жақсы дайындалып, өз тұтынушылары сексуалды және репродуктивтік құқықтарын толық сезінуіне көмектеседі. Бұл декларация заңды қорғау жұмыстарында басшылық етіп, мемлекеттік органдарға олардың міндеттерін есіне салып отырады. Негізгі бағыты сексуалды және репродуктивтік денсаулық пен құқықтар болып табылатын келесі дүние жүзілік инициативаны жоспарлауда бұл декларация басқару органдарына сексуалды құқықтар мен жалпы денсаулық сақтау және прогресс арасындағы байланысты түсініп, осының негізінде ұзақ уақытты міндеттер қабылдауын талап етеді.

Сексуалды құқықтар::

[Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы](#)

[Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 16-шы декларациясы](#)

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы халықаралық келісімдерден, адам құқықтарын қорғау құралдарын, адам сексуалдылығымен байланысты басқа да құқықтарды ақпарат көзі ретінде қарастырады. Ол БҰҰ дүниежүзілік отырысында қабылданған құжаттарға сүйенеді. 1994 жылғы БҰҰ халықты орналастыру және дамыту отырысына, БҰҰ-ның әйелдерге байланысты 1995 жылы өткен төртінші отырысына, БҰҰ-ның жаңа мыңжылдықтағы даму мақсаттары отырысына сүйенеді. Онда сонымен қатар БҰҰ-ның эгидасы бойынша қызмет ететін бірнеше органдардың, БҰҰ арнайы хабаршыларының, 2004 жылы басылып шыққан денсаулықтың жететін жоғарғы шыңы атты БҰҰ комиссиясының арнайы хабаршысының зерттеу қорытындылары көрсетілген. Сексуалды және репродуктивтік хартияға декларация тек қосымша болып табылады. Оның мақсаты болып сексуалды құқықтардың ашық түрін көрсетіп, сексуалдылықтың жан жақты түрлерін көрсету болып табылады. Мұндай көзқарастар қорғалып, барлық адамдардың сексуалды автономияларын және дискриминациясыз ортада адамдардың сексуалды құқықтарын күшейтеді.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация айтуы бойынша денсаулық деп адамдардың негізгі құқығы және адамдар онсыз өз құқығымен толық пайдалана алмайды. Сексуалды және репродуктивтік денсаулық адам құқықтарының ажырамас бөлігі және толық физикалық, психикалық денсаулыққа жетудің тікелей көзі. Сексуалды құқықтар жоқ кезінде сексуалды денсаулық іске аспайды, бірақ сексуалды құқықтар сексуалды денсаулыққа қарағанда мүмкіншіліктері жоғары. Сексуалды құқықтар сексуалдылық сферасында ғана пайда болатын арнайы стандарттармен бекітілген. Бұл құқықтарға бостандық, теңдік, жеке өмір, автономия, барлық адамдардың ар намысымен жеке тұлғалығы кіреді, бұлардың барлығы сексуалды сфераның халықаралық құралдары болып табылады.

Преамбула

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация адам құқықтары негізіне сүйене отырып өз мақсаттарына жетуде қызмет атқаруда, оларға универсалдылық, өзара байланыс, адам құқықтарының бөлінбейтіндігі кіреді. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация сексуалды құқықтар адам құқықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінеді және де ол дүние жүзі адамдарының бостандығын, теңдігін қамтамасыз етіп отыратын сексуалды сфераның өзгермелі төбесі болып табылады.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 17-ші декларациясы

Белгілі тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, бірақ оған тыйым салмайды. Сексуалды құқықтар барлығына өз сексуалды өмірлерін дискриминациясыз, зорлықсыз, адамдардың ар намысының тапталуынысыз өздеріне қолайлы етіп жүргізуіне мүмкіндік береді. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация сексуалды құқықтар адам құқықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінеді және де төменде көрсетілген өлшемдердің барлығын құрамына енгізгенмен олардың барлығы орындала бермейтіні сөзсіз. Сөз үзіліссіз өзгеріп отыратын концепция жайлы болып отыр, оған сексуалды активтілік, жыныс айырмашылығы, сексуалды бағыты, эротизмі, ләззат алуы, интимдік жеке өмірі жатқызылады. Ол биологиялық, физиологиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени этикалық, заңдық, тарихтық, діни және ішкі дүние байланыстары негізінде қалыптасады. Сексуалдылық ойша, қиялда, қажеттілікте, өзара қатынастарда және басқа да әдістер арқылы көрініс табады. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация айтуынша сексуалдылық көп жағдайда репродуктивтік болмай шығады, сондықтан сексуалдылық түсінігі әр елде өзгеріп отырады. Сондықтан да сексуалдылықты репродуктивтік құқықтар мен репродуктивтік денсаулықтан бөліп қарастыру керек.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация айтуынша сексуалды құқықтардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау Федерация қызметін одан ары қарай тереңдетеді. Олар жергілікті деңгейде бүкіл әлем бойынша тұтынушылардың сұранысын қамтамасыз етуге, әр адамның құқықтарын қамтамасыз ететін дүние жүзінің, халықтың өзіндік тәртіптерінің сақталуына ықпалын тигізеді. Ал сексуалды құқықтардың дамуы мен сақталуы

адамдардың субъект ретінде орталық орнын анықтаушы факторларға жатады, және онда адам тұтынатын экономикалық, әлеуметтік, мәдени саяси басқа да адам құқықтары толығымен іске асырылуы мүмкін.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация айтуынша құқықтарды орнату мен қолдану арнайы құрылымдардың қалыптасуымен байланысты. Мұндай құрылымдар адамдарды тек қорғап, шығынын өтеуіне көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар өз қызметтерімен таныстырып сексуалды құқықтар бұзылысы кезінде қандай әдістер мен жөнделулер енгізетінін көрсетіп отыруы қажет. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация айтуынша мұндай әдістер құқықтарды қорғауға байланысты көрсетілетін қызметтердің жұмысын жақсартады деп сенеді. Осылайша Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация ассоциация өкілдеріне өздерінің саяси стратегиялары мен жоспарларын нығайту үшін осы декларацияны сексуалды құқықтарды қорғайтын, оны құрметтеу принциптерін орнататын басшылық ретінде тағайындауын талап етеді.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясына сексуалдылықта қолданылатын адам құқықтарының түсінік беретін бірнеше негізгі элементтері. Федерация құрамына кіретін барлық ұйымдар өз жарнамалау, сексуалды құқықтарды қорғау, өздерінің политикалық стратегиялары мен жоспарларын нығайту сияқты жұмыстарында осы элементтерді қолдана алады.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация сексуалды құқықтармен қоса универсалды, шеттетілмейтін, бөлінбейтін адам құқықтарын енгізуді қолдайды. Декларацияда жазылған құқықтар мен принциптердің іске асуы әр елде деңгейіне, дамуына уақытына байланысты өзгеріп отыратынын түсінеді. Соған байланысты осындай жағдайларды анықтап отыратын нақты жұмыстар енгізіліп, олар талқыланып отырады.

«Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы» Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация басшылығымен 2008 жылдың 10-шы мамырында қабылданды.

[Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 18-ші декларациясы](#)

[1 Принцип.](#)

Сексуалдылық әр адамның ажырамас бөлігі. Сондықтанда ортаны дамыту барысында әр адам өз сексуалдылық құқықтарын толық қолдану үшін қолайлы жағдайлар жасалу қажет.

Кез-келген ортада сексуалдылық адам үшін өте маңызды. Егер адам сыртқы және ішкі факторларға, сексуалдылық адам құқықтарына байланысты өз сексуалдылығын әр түрлі өткізетін болса, онда осылардың байланысы әр қайсысының өмірінде көрініс табу қажет. Сексуалдылық құқықтар бостандыққа, теңдікке, қажеттілікке сүйенген адам құқықтарының ажырамас бөлігі болып табылады. Кедейшілік төмен сексуалды денсаулықтың, сексуалды теңсіздіктің, сексуалды шеттетудің нәтижесі болып табылады. Бағдарламаны жасау барысында кедейлікпен осы сұрақтар арасындағы

байланыстарды, осы сұрақтардың адам құқықтарының сақталуына әсіресе сексуалды құқықтардың сақталуына тигізетін әсерлерін естен шығармаған жөн.

Кез-келген стратегияны, жобаны, келесі мыңжылдықты дамыту бағдарламаларын жасау барысында әділетсіздік, теңсіздік, гендерлік әділетсіздік, гендерлік теңсіздік, денсаулық жағдайының төмендігіне байланысты сұрақтарды ескере кеткен жөн. Мыңжылдықтың мақсаттарына жету дегеніміз ана мен бала өлімін төмендетіп денсаулығын жақсарту, жыныс арасындағы теңдікке қол жеткізу, АҚТҚ\ЖҚТБ мен күресу және барлық сексуалды құқықтардың сақталуы болып табылады. Сексуалды және репродуктивтік құқықтардың хартиясы бойынша дамудың орталық субъектісі адам болып табылады.

Ассоциацияның мүшелері осы декларацияның миссиялары, мақсаттары мен құндылықтарына және онда көрсетілген басқа да ақпараттарға сүйенеді деп Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация сендіреді. Федерация мүшелері кез-келген жоба, стратегия жасау барысында осы декларацияның «сексуалды құқықтар – адамдардың сексуалдылығымен байланысты құқықтар» бөлімінде көрсетілгендей сексуалды құқықтары сақталып тұру үшін осы принциптерге сүйенуі тиіс.

Жалпы принциптер

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 19-шы декларациясы

Егер адамдар өз сексуалдылығын қолайлы қолдана білсе ол елдің әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени дамуларға өз үлесін толық қоса алады. Сексуалдылық адамдардың ажырамас аспектісі, ол адамдардың физикалық, психикалық дамуына, ортаның жалпы денсаулығына тікелей байланысты.

Сексуалды құқықтар өмірдің жеке және субъективті жақтары сияқты идеологиямен саясатқа да теңдей әсер ете алады. Сексуалды құқықтар ассоциациялық, экспрессивті, интеграционды элементтерден тұрып және де әр адамның бүтіндігімен тікелей байланысты.

Сексуалды құқықтарға кепіл бола отырып ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация адамзаттың өмір сүру процестерінен, тарихи жағдайлардан алынған осы элементтер мен аймақтарға сый-сияпат көрсетіп, қорғап, қажеттілігін толтырып отыру керек екенін түсіндіреді.

2-ші принцип

Он сегіз жасқа толмаған азаматтарға берілген құқықтар мен қорғаныс шаралары ересек азаматтарға қарағанда біраз өзгешеліктері бар, және жеке алынған баланың өзгеріп отыратын қабілеттерін ескеру керек.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерациясы он сегіз жасқа толмаған азаматтар құқықтары мен қорғаныс шараларының ересектер құқықтарынан айырмашылығы бар екенін мойындайды. Бұл айырмашылықтардың адам құқықтарының барлық аспектілеріне қатысы бар, бірақ сексуалды құқықтарға келгенде ерекше қадамды қажет етеді. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация ұғымына сәйкес, кәмелеттік жасқа толмағандарға белгілі бір құқықтық шектеуліктер

қойылған және жастық шақтың әр кезеңіндегі құқықтары белгілі бір өзекті мәселеге ие. Нәресте құқықтары туралы Конвенцияның 5 бабында көрсетілгендей, ата-аналар немесе басқа да заңды тұлғалардың баланы бағу және бақылау кезінде олардың өздерінің құқықтарын пайдалану мүмкіндіктерін ескерулері қажет. Кәмелеттік жасқа толмағандардың мүмкіндіктерін өзгерту жөніндегі концепцияға сәйкес балалар өздерінің жеке өмірін құрушылар ретінде, қоғам мүшесі ретінде құрметтелуі тиіс. Осы концепцияның ұйғарымы бойынша өз құқықтарын пайдалана білетін балалар сәйкесінше өзіне төнетін қауіп-қатерден алыстау болады. Қоғам балалардың өздерінің мүмкіншіліктерін іске асыруға, өз өмірінде дұрыс шешім қабылдауға қолайлы жағдай жасаулары қажет. Балалардың құқықтары мен қызығушылықтары арасындағы өзара байланыс бірнеше негізгі принциптермен реттеледі. Олардың арасында негізгілері: 18 жасқа толмаған азаматтарды жеке құқықтары бар тұлға ретінде қабылдау, баланың қолайлы қызығушылықтары, баланың өзгеріп отыратын мүмкіндіктері, дискриминацияламау, қолайлы жағдай туғызуға деген жауапкершілік. Ал енді сексуалды құқықтарға келетін болсақ, бұл жеке қадамды қажет етеді, яғни баланың ер жету деңгейі мен оның қызметі, физикалық және психикалық денсаулығының жағдайы, ата-аналарымен немесе басқа да тұлғалармен ара-қатынасы және т.б.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 20 декларациясы **3-ші принцип**

Адамның барлық құқықтарының қорғалуы және орындалуының негізінде дискриминацияламау жатыр. Бұл концепция жынысы, жасы, гендерлік саясаты, сексуалды ориентациясы, азаматтық жағдайы, сексуалды мінез-құлқы, нәсілі мен ұлты, тілі мен діні, саяси көзқарасы, әлеуметтік және географиялық шығу тегі, психикалық және физикалық денсаулығының жағдайына қатысты шектеуге, бөлуге рұқсат бермейді және азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, қоғамдық және т.б. салаларда еркін қолдануға мүмкіндік береді. Сексуалды құқық сферасындағы дискриминация жыныстық айырмашылық, жасы, сексуалды ориентациясы бойынша мәдени, экономикалық, саяси немесе әлеуметтік құқықтарға тең қолжетімділіктің жоқтығымен көрінуі мүмкін. Өзінің сексуалды құқықтарына жету жолында жеке тұлға көптеген кедергілерге ұшырайды. Айқын теңқұқықтылық бұл кедергілерді шеттетуді талап етеді және сол арқылы азаматтардың өз құқықтарын басқалармен тең қолдануды көздейді.

4-ші принцип.

Сексуалдылық және ол әкелетін ләззәт сезімі адам тіршілігінің негізгі аспекті болып табылады. Сексуалды денсаулық өмірдің барлық кезеңінде де маңызды болып табылады. Сексуалдылық репродуктивті сферадағы барлық шешімдердің негізгі факторы болып табылады. Сексуалдылық – бұл тек рахаттану сезімі ғана емес. Сексуалдылықты жүзеге асыру үшін құқыққа қол жеткізу керек. Барлық азаматтардың сексуалдылықты жүзеге асыруға құқықтары бар. Бұл жерде мемлекет сексуалдылық сферасында ағарту жұмыстарын жүргізу керек, медициналық қызметтерді, зорлықтан қорғау және т.б. қамтамасыз етулері қажет. Ләззәт алу сексуалдылыққа тән сезім болғандықтан, осы сезімді түсіндіруге, сипаттауға ешкім шектеу қоя алмайды.

5-ші принцип.

Әр азамат үшін сексуалды құқығын қамтамасыз ету. Сексуалды құқықтардың негізінде кез-келген зорлық пен зомбылыққа қарсы көмекке жүгіну құқығы жатыр.

Яғни, [Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 21 декларациясы](#)

Сексуалды зияндылық деп физикалық, вербальді, психологиялық немесе сексуалды сипаттағы қандай да бір зорлық-зомбылықты айтамыз. Барлық балалар мен жасөспірімдер заңды түрде зорлық пен қауіп-қатердің кез-келген түрінен қорғануға құқығы бар. Бұған сексуалды эксплуатация, балалар жезөкшелігі және сексуалды зорлықтың барлық түрінен қорғану жатады.

6-шы принцип.

Сексуалды құқықтарға қатысты негізгі шектеу – ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жолында заңмен бекітілген шектеулер. Мұндай шектеулер дискриминацияланбау керек және заңды түрде болуы қажет. Сексуалды құқықтарды қолдану үрдісі жеке тұлға мен қоғам арасындағы динамикалық байланысқа сүйене отырып жүргізілуі керек.

7-ші принцип.

Қорғау, орындау және құрметтеуге деген жауапкершілік барлық сексуалды құқықтар мен бостандықтарда орын алуы керек. Сексуалды құқықтар мен бостандықтар негізгі құқықтық талаптарға ие және осы талаптардың орындалуын бақылауға қол жеткізе алады. Мемлекет азаматтардың басқа құқықтары сияқты әркімнің сексуалды құқықтарын құрметтеуі, қорғауы және ары қарай дамытуы керек. Мемлекет сексуалды құқықтарды қолдануға кедергі келтірмеуге тырысуы қажет және осы құқықтың бұзылуына жол бермеу үшін шаралар қолдануы керек. Ал осы құқықтық нормаларды ары қарай дамыту мақсатында мемлекет бюджеттік, соттық, жарнамалық және т.б. шараларды жүзеге асыруы тиіс. Сексуалды құқықтарға кепілдікті мемлекетпен бірге осы территорияда қызмет жасап келген басқа да ұйымдар да бере алады, яғни коммерциялық немесе

коммерциялық емес діни ұйымдар, көмек және даму ұйымдары, сонымен қатар жеке тұлғалар.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация сексуалды құқықтардың қорғалуына, орындалуына жіті мән береді және мемлекеттен осы құқықтардың орындалуын, қорғалуын талап етеді (Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 22-ші декларациясы).

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 23-ші декларациясы

1 бап.

Теңдікке, заң тарапынан тең қорғанысқа, дискриминацияның кез-келген түрінен бостандыққа деген құқықтылық.

- Барлық азаматтар бұл дүниеде тең және бостандықта өмір сүруге құқықты. Барлығы заң арқылы қорғалады.
- Барлық азаматтарға өмір сүруге жағдай жасалуы керек және олар өз құқықтарын толық көлемде қолдана білуі керек.
- Барлық азаматтар жұмыс істеуге, білім алуға, медициналық көмекке және т.б. экономикалық, әлеуметтік, мәдени қызметтерді пайдалануға құқығы бар.
- Барлық азаматтар құқықтарын пайдалануға қабілетті және теңқұқықты болып келеді.
- Барлық азаматтар өзінің тұрғылықты жерін еркін ауыстыра алады.

Сексуалды құқықтар – бұл адамның сексуалдылыққа деген құқықтылығы. Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның пайымдауы бойынша сексуалды құқық – бұл адамның құқығы. Сексуалды құқықтар арнайы дайындалған құқықтық нормалардан түзіледі, яғни бостандық, теңдік, жеке өмір және т.б. қатысты құқықтардан шығады. Көпшілік халықаралық ұйымдар сексуалдылыққа байланысты бірқатар негізгі принциптерді бөліп қарайды. Сексуалды құқық әрбір адамға өзінің сексуалдылығын білдіруге, одан ләззәт алуға мүмкіндік береді. Сексуалды құқықтар адам құқықтарының түпнегіздік және жалпылама принциптерін қолдана отырып түзіледі.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация 24-ші декларациясы

2 бап.

Жынысы, сексуалдылығы немесе гендеріне қарамастан барлық азаматтарға қатысу құқығы.

- Барлық адамдар өмір сүруге құқықты және өз өміріндегі азаматтық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси шараларға еркін қатыса

алады. Мұндай құқықтар адамның бостандығы мен фундаментальді құқықтарын ары қарай дамытуға өз септігін тигізеді.

- Барлық азаматтар өзінің жалпы жағдайын анықтайтын өміріндегі саяси шараларды (сексуалды және репродуктивтік денсаулығы) ұйымдастыруға құқығы бар.
- Жас азаматтар осы сексуалды құқықты қорғауда және үгіттеуде белсенді ат салысу керек.
- Барлық азаматтарға мемлекеттік және саяси өмірге белсене қатысуға мүмкіндік берілу керек, соның ішінде әр-түрлі себепті дискриминациясыз мемлекеттік қызметтерді атқара алады.
- Әр адам мобильділікке және басқа елге шығып, қайта өз еліне келуге құқығы бар.

3 бап.

Өмір сүруге, бостандыққа, жеке қауіпсіздікке деген құқықтылық.

- Барлық азаматтар өмір сүруге, бостандыққа, зорлық пен қаталдықтан қорғануға құқықтары бар.
- Азаматтар денелік қолтигізбеушілікке құқықтары бар және бұл құқықтарға ешқандай кедергі болмау керек.
- Ешбір адам өткен сексуалдық жағдайы, гендерлік айырмашылығына байланысты соттық және соттық емес жағдайлардың құрбаны болмау керек.
- Ешбір әйел адам оның психикалық немесе физикалық ерекшелігіне қарамастан медициналық көмектен мұқтаждық көрмеу керек.
- Ешбір әйел адамға зорлықпен бала көтертуге болмайды.
- Қандай да болмасын ритуалдық дәстүрлерге қарамастан әрбір адам бостандыққа құқығы бар.
- Барлық азаматтар кез-келген физикалық, вербальді, психологиялық немесе экономикалық зорлықтан және сексуалды зорлықтан қорғануға құқығы бар.
- Барлық азаматтар, соның ішінде сексуалды қызмет көрсететін адамдар дәрекі ара-қатынасқа, қаталдыққа ұшырымауға құқықтары бар (Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 25 декларациясы).
- Ешбір адам сексуалды қатынасқа байланысты ешқандай дәлелсіз, себепсіз қудалауға ұшырамауы керек.
- Сексуалды өмірге қатысты шешімдер, сексуалды тәжірибе қаталдықтың, зорлықтың негізделуі болмау керек.
- Мигранттар, соның ішінде жас мигранттар (әйел адамдар, транс-сексуалдар) сол елде кез-келген қаталдық пен зорлықтан қорғануға, сексуалды денсаулығын сақтауға құқығы бар.
- Барлық азамат сексуалды белгілер, жынысы, сексуалды ориентациясы немесе АҚТҚ-на байланысты мемлекет тарапынан немесе басқа да

ұйымдардан болатын кез келген қудалаудан қорғану үшін баспана пайдалануға құқығы бар.

- Ешбір адам сексуалды ориентациясы, жынысы, АҚТҚ-ға байланысты қандай мемлекетте болмасын қудалауға, экстрадицияға ұшырамауы қажет.

4 бап.

Жеке өмірге қолсұқпаушылыққа қатысты құқық.

- Барлық азаматтардың жеке өміріне, отбасына, жеке құпияларына заңсыз түрде қолсұғушылық болмау керек.
- Азаматтардың сексуалды автономияға құқықтары бар және өзінің сексуалдылығы, интимді өмірі туралы шешімдерді еркін қабылдай алады және бұған ешкім кедергі бола алмайды.
- Барлық азаматтар өзінің сексуалды денсаулығы, АҚТҚ статусына қатысты ақпараттың құпиялылығына құқықты.
- Барлық азаматтар сексуалды өмірі, сексуалды серіктесі немесе сексуалдылыққа байланысты басқа да ақпараттарды өзі басқара алады.

5 бап.

Заңмен қорғалуға және жеке автономияға қатысты құқықтылық.

- Барлық азаматтар заңмен қорғалуы тиіс және сексуалды бостандыққа құқықты, яғни сексуалды өмірде шешімдер қабылдау, сексуалды серіктесін еркін таңдау, сексуалды өмірден ләззәт алу және т.б. Әрі бұлар ешқандай дискриминацияға ұшырамауы керек.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 26 декларациясы

- Кез-келген азамат автономды және сексуалды өмірге қатысты бостандыққа ие және әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірде өзінің пікірін еркін білдіре алады.
- Ешбір адам екі жақты келісілген сексуалды ара-қатынасты қылмыс деп қарастыратын заңға бағынбауы керек және осы заңның қудалауына ұшырамауы қажет.
- Бас бостандығынан айырылған азаматтар зорлықтың, қаталдықтың құрбаны болмауы керек және жақын адамдарын жиі көріп тұруына құқығы бар.
- Барлық азаматтар адамдар саудасына қатысты қылмыстан қорғануға құқығы бар.
- Ешбір адам өз еркінсіз медициналық зерттеулерге немесе медициналық көрсеткіштерге байланысты бостандығының шектелуіне ұшырамауы қажет.

- Ешбір адамға өз еркінсіз жынысын өзгерту, стерилизация немесе гормоналді терапия жүргізу үшін мәжбүрлі күш көрсетілмеуі керек.
- Барлық азаматтарға жеке өзін куәландыратын құжат, туу туралы куәлік немесе басқа да құжаттарды беруде ешқандай кедергі болмауы керек.

6 бап.

Пікір, ой бостандығына құқықтылық.

- Барлық азаматтар сексуалдылыққа, сексуалды ориентацияға, гендерлігіне және сексуалды құқықтарына қатысты ойы мен пікірін еркін білдіре алады.
- Барлық азаматтар өзінің сексуалдылығын танып-білуге, армандауға, фантазияға құқықты және өзінің пікірін, құлықтылығын білдіруде қорқыныш, ұялу немесе басқа да кедергілерден азат болу керек.
- Барлық адамдар, соның ішінде әйелдер сөзі, жүріс-тұрысы, киімі немесе басқа да іс-әрекеттері арқылы өзін тұлға ретінде еркін көрсете алады.
- Барлық азаматтар адамдардың жеке құқығы, сексуалды құқығы, сексуалды ориентациясы, гендерлігіне қатысты ақпараттарды іздеуге, алуға және оны басқа адамдарға таратуға құқығы бар.
- Барлық азаматтар бейбіт жиынға, қосылуға құқығы бар. Яғни осы арқылы адамдар мекемелер, ұйымдар, топтар құра алады және сексуалды құқық, сексуалдылық, сексуалды ориентация немесе гендерлікке қатысты ақпараттарды кез келген бұқара-ақпараттық құралдар (БАҚ) арқылы еркін тарата алады.

7 бап.

Денсаулыққа, ғылыми прогреске деген құқықтылық.

- Барлық адамдар физикалық және психикалық денсаулыққа құқықты және жыныстық қатынасқа байланысты кез-келген қиындықтың алдын алу мақсатында сексуалды денсаулығын қорғай алады.
- Барлық азаматтар кездейсоқ жүктіліктен, жыныстық жолмен таралатын аурулардан қорғану мақсатында көмек алуға құқығы бар.
- Кез-келген азамат қоғамдық денсаулық сақтау жөнінде заң қабылдау үрдісіне, саясатқа, бағдарламаларға белсенді түрде қатыса алады.
- Барлық денсаулық сақтау жөніндегі шаралар халық арасындағы жағдайы мүшкіл тұлғалардың қажеттіліктерін ескерулері қажет.
- Барлық азаматтар діни көзқарасы, ұлты немесе басқа да жағдайларға қарамастан кез келген медициналық көмекке қол жеткізе алады.

- Барлық азаматтар сексуалды құқық, сексуалды ориентация, сексуалдылық немесе гендерлікке қатысты барлық ақпараттарға қол жеткізе алады.
- Барлық азаматтар, соның ішінде интимді қызмет көрсететін қызметкерлер қауіпсіз еңбек етуге, медициналық көмекке еркін қол жеткізуге құқықтары бар.
- Қарулы қайшылық немесе мәжбүрлі орын ауыструға ұшыраған азаматтар сексуалды және репродуктивті денсаулыққа құқықты.
- Барлық азаматтар өздерінің сексуалды құқықтары мен сексуалды денсаулықтарын сақтау мақсатында ғылыми прогрестің жетістіктерін қолдануға құқықтары бар.
- Барлық азаматтар репродуктивті денсаулық технологияларын пайдалануға немесе одан бас тартуға құқықты.
- Барлық азаматтар ғылыми зерттеулерге қатысуға немесе одан бас тартуға құқықты.

8 бап.

Білім және ақпарат алуға құқықтылық.

- Барлық азаматтар мемлекеттік, саяси сферада тең құқыққа ие болу үшін ешқандай кедергісіз білім алуға және ақпаратқа қол жеткізуге құқықты.
- Барлық азаматтар дискриминация мен шеттетуден қорғану мақсатында білім алуға құқықты және адамдардың өздерінің сексуалды денсаулығы мен білімі аумағында өз саясатын ұстануға жағдай жасалу керек.
- Барлық азаматтар, әсіресе жастар сексуалдық ағарту жұмыстары мен саясаты жөнінде бағдарламалар жасауға құқықты.
- Барлық азаматтар берік және теңқұқықты қарым-қатынасқа қол жеткізу үшін әр-түрлі әдістерді, тәсілдерді қолдануға құқықты.

Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 28 декларациясы

- Барлық азаматтар мемлекеттік шектеулерден тыс өзінің сексуалдылығын, сексуалды құқығы мен денсаулығын нығайту мақсатында барлық дәстүрлі және дәстүрлі емес ақпараттарға қол жеткізе алу керек. Жас азаматтар әсіресе жыныстық ара-қатынастар жайлы көп ақпараттандырылуы керек.
- Барлық азаматтар сексуалдылық жайлы ақпарат алу үшін медициналық ұйымдарға, мекемелерге, оқу орындарына қол жеткізе алады және сексуалдылық жайлы ақпараттар түсінікті және ыңғайлы түрде жеткізілуі керек.

- Барлық азаматтар өзінің сексуалды және репродуктивтік өмірінде дұрыс шешім қабылдау үшін нақты және шынайы ақпаратқа қол жеткізе алуы керек.

9 бап.

Некеге тұру, отбасын жоспарлау, бала өрбіту жайлы шешім қабылдауға қатысты құқықтар.

- Әрбір азамат некеге тұру-тұрмау, отбасын жоспарлау немесе жоспарламау, баланы қай кезде өрбіту жайлы шешімді еркін қабылдай алады.
- Барлық адам ешқандай кедергісіз серіктесін таңдап, еркін неке құруға құқығы бар.
- Барлық азаматтар отбасымен байланысты жағдайларда мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.
- Әрбір адам отбасын жоспарлауда, қашан және қанша бала өрбіту жайында дұрыс шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат алуға, білім алуға және т.б. құқықтары бар.
- Әрбір азамат отбасын жоспарлауда еркін және жауапты шешім қабылдай алады, яғни өзінің бала табуы немесе баланы асырап алуға, бала өрбіту барысында репродуктивтік технологиялар мен терапиялық әдістерді пайдалануға құқықтары бар.
- Барлық азаматтар бала өрбіту, бедеулік, жүктілікті үзу және т.б. байланысты барлық қызметтер мен кеңес алуға құқығы бар.
- Барлық әйел адамдар өзінің репродуктивтік денсаулығын қорғау, ана қауіпсіздігі мен жүктілікті үзу мақсатында толық және нақты ақпарат алуға, білім алуға құқығы бар және осыған байланысты арзан, ыңғайлы қызметтерге қол жеткізе алады.
- Барлық азаматтар қамқорлыққа, бала асырап алуға қатысты теңқұқықты болып келеді және бұл жерде негізгі орынды баланың мүддесі алуы керек.

[Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерацияның 29 декларациясы](#)

10 бап.

Жауапкершілікке тартылуға және шығын орнын толтыруға құқықтылық.

- Барлық азаматтар өзінің сексуалды құқықтарын орындау барысында өзіне жауапкершілік алу үшін тиімді, адекватты, заңды және т.б. шараларға қол жеткізе алады. Бұл өз кезегінде сексуалды құқықтардың орындалуын бақылауға көмектеседі және бұл құқықтар бұзылған жағдайда болатын шығын көлемін, сәйкесінше компенсация, реабилитация көлемін анықтауда өз көмегін тигізеді.
- Мемлекет сексуалды құқықтар орындалмаған жағдайда жауапкершілікке тарту тетіктерін ойластыруы қажет.

- Барлық азаматтар сексуалды және гендерлікке қатысты зорлық кезінде жауапкершілікке тарту және шығын көлемін толтыру мақсатында тиімді тетіктерді қолдана алады.
- Әрбір адам өзінің сексуалды құқықтары бұзылған жағдайда болатын шығын орнын толтыра алады және сәйкесінше сотпен қорғалуға құқығы бар.
- Барлық азаматтар өзінің сексуалды құқығына кедергі келтіретін кез-келген мемлекеттік емес инстанцияны жауапкершілікке тартуды талап ете алады.
- Мемлекет сексуалды құқықтардың орындалуы барысында сырттан келетін кедергіге жол бермеуі керек.

Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация қолынан келетін көмектің бәрін көрсете алады, соның ішінде финанстық көмек, сексуалды құқықтардың орындалуын бақылау, сексуалды денсаулықты нығайту мақсатында әр-түрлі қызметтер көрсету және т.б.

Сілтемелер мен ескертулер

Төмендегі ескертулерде «Сексуалды құқықтар: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы» құжатында берілген принциптер мен нормалардың негізгі көздері көрсетіледі.

Негізгі әдебиет көздері ретінде адам құқықтарын қорғаудағы халықаралық аспаптар мен халықаралық нормалар пайдаланылды. Бұған қосымша ретінде ғалымдар мен құқық қорғаушылардың еңбектерін, халықтық үкіметтің стратегиясы мен заңдарын қосуға болады.

- Сексуалды және репродуктивтік денсаулыққа қатысты 1955 жылы шыққан Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация Хартиясының толық мәтінін мына сайттан табуға болады: <http://www.ippf.org/en/Resources/Statements/IPPF+Charter+on+Sexual+and+Reproductive+Rights.htm>
- Адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттар мен БҰҰ баяндамаларының толық мәтінін мына сайттан алуға болады: <http://www.ohchr.org>

- ДДҰ шеңберіндегі сексуалды құқық пен сексуалды денсаулық жөніндегі дискуссиялар толық көлемде мына сайтта берілген: <http://www.who.int/reproductive-health/gender/sexualhealth.html#4>
- Йогиакарта принциптерінің толық мәтіні: Сексуалды ориентация мен гендерлікке қатысты адам құқықтарының халықаралық заңдылықтарын қолдану принциптері (Йогиакарта принциптері) мына сайтта берілген: <http://www.yogyakartaprinciples.org>

1. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық заң:

- Адам құқықтарының жалпылама декларациясы (Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация)
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (ICCPR) және оның екі факультативті хаттамасы
- Экономикалық, әлеуметтік және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (ICESCR)

Адам құқықтарын қорғаудағы негізгі халықаралық аспаптар және олардың орындалуын қадағалайтын органдар:

- Нәсілдік дискриминацияның барлық түрлерін ликвидациялау туралы халықаралық конвенция (ICERD) – мониторинг органы: CERD.
- Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін ликвидациялау туралы конвенция (CEDAW) – мониторинг органы: CEDAW және оның екі факультативті хаттамасы.
- Зорлық-зомбылық, қатігездікке қарсы конвенция (CAT)- қадағалау органы: CAT және оның факультативті хаттамасы.
- Балалар құқығы жөніндегі конвенция (CRC) және оның екі факультативті хаттамасы. Мониторинг органы: CRC.
- Барлық еңбек етуші мигранттар мен отбасы мүшелерінің құқықтарын сақтау жөніндегі халықаралық конвенция (CMW). Мониторинг органы: CMW
- Мүгедектер құқықтары жөніндегі конвенция (03.03.2008 ж. күшіне енді).
- Барлық азаматтарды зорлықпен бас сауғалаудан қорғау жөніндегі халықаралық конвенция.

Адам құқықтары жөніндегі негізгі келісімдермен бірге бірқатар халықаралық аспаптар да бар. Оларға жататындары:

- Веналық декларация және әсер ету бағдарламасы.
- БҰҰ-ның мыңжылдық декларациясы.
- БҰҰ-ның әйелдерге қатысты қатыгездікті ауыздықтаудың декларациясы.

- БҰҰ-ның дамуға қатысты құқық жөніндегі декларациясы.
- Некеге тұру, минималді некелік жас және некелерді тіркеу жөніндегі конвенция.
- АҚТҚ/ЖҚТБ қарсы күрес жөніндегі декларация.

2. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитеттің (CESR) мәлімдеуі бойынша, денсаулыққа қатысты құқық ретінде барлық адамдар өзінің денсаулығына қатысты, соның ішінде сексуалды және репродуктивтік денсаулығына қатысты еркін шешім қабылдай алады (БҰҰ құжаты E/C.12/2000/4 11.08.2000ж.).

3. Денсаулыққа қатысты құқық туралы адам құқықтары жөніндегі Комитеттің 60-шы сессиясындағы баяндама, БҰҰ құжаты E/CN.4/2004/49 (2004).

4. Сексуалдылық қоғам мен жеке индивид арасындағы қиылыста тұр және әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени құрылымдардың бір-бірімен динамикалық араласуының нәтижесінде туатын нәрсе. Бұл динамика адамдарда сексуалды құқықтардың болуын қалыптастырады.

5. Денсаулыққа қатысты құқық жөніндегі баяндама E/CN.4/2004/49 (2004)

6. Мұндай жағдайларды мойындау процесі Мүшелік ассоциация болғанда нормативтік-құқықтық базаны қоса есептегендегі сол елдердегі жағдайлардың арнайылығымен байланысты, белгілі бір себептермен Стратегиялық бағдарламалар мақсатының тек қана бөлігін ғана орындайтын үрдістерге ұқсайды. Мүшелік ассоциациялар әрбір елде құжатпен бекітілетін жағдайлық талдаулар жасайды. Аймақтық директор мен Аймақтық атқарушы комитетпен және Ассоциациялар-мүшелері арасында келісім бекітіледі.

7. P. Pkharacan and S. Jolly, *Gender and Sexuality: Overview Report* (BRIDGE: Institute for Development Studies, 2007) at: http://www.bridge.ids.ac.uk/reports_gend_CEP.html#Sexuality қараңыз.

8. Әділеттілік – бұл міндеттер мен мүдделерді бөлістіру кезіндегі адалдық пен заңдылық. Гендерлік әділеттілік жөніндегі концепцияның пайымдауынша, әйелдер мен ер адамдардың қажеттіліктері және биліктері әр-қилы болып келеді. Әрі бұл әр-қилылық екеуінің арасында ешқандай дисбаланс тудырмауы керек.

9. Қызметтерге қол жеткізу, ресурстар мен мүдделерді бөлістіру кезіндегі теңдік.

10. Гендерлік әділеттілікте әр-түрлі бағдарламалар жасау кезінде бір-бірінен айырмашылығы бар әйелдер мен ер адамдардың қажеттіліктері дұрыс ескерілуі керек. Бұл гендерлік әділеттілікке әйелдердің құқығына қатысты

тарихи және қоғамда қалыптасқан әділетсіздікті болдырмау жатады. Әрі оның нәтижесін екі жаққа да бұрмаламай жеткізіп отыру көзделген.

11. Гендерлік теңдік – бұл әйелдер мен ер адамдар арасындағы өлшенетін теңдік. Гендерлік теңдік дегеніміз әйелдер мен ер адамдар бірдей деген сөз емес, бұл жерде әйел мен ер адамдардың мемлекеттік және жеке сферада билікті, мүмкіндіктерді, құқықтар мен міндеттерді тең түрде қолдану, сапалы білімге тең қол жеткізу, өз потенциалын толық дамыту үшін тең мүмкіндікке ие болу, қызметтер мен ресурстарға тең түрде қол жеткізу дегенді білдіреді.

12. Балалар құқықтары жөніндегі конвенция, 5 бап: Қатысушы Мемлекеттер ата-аналардың балаларға қатысты жауаптылығын, міндеттерін және құқықтарын, балаларды балалар құқықтарына қатысты мойындалған Конвенция бойынша тәрбиелеуді, олардың дамып-жетілуіне аса зор мән беруін жоғары бағалайды www2.ohchr.org/english/law/crc.htm.

13. Балалар құқықтары жөніндегі конвенцияға сәйкес 18 жасқа дейінгі азаматтар толық құқыққа ие тұлғалар болып табылады және 18 жасқа толмаған кез-келген азамат кәмелетке толмаған деп есептеледі.

Балалар құқықтары жөніндегі конвенция, 1 бап: Аталған конвенцияға сәйкес 18 жасқа толмаған барлық азаматтар кәмелетке толмаған деп саналады.

14. Балалар құқықтары жөніндегі конвенция, 3 бап: (1.) Балаларға қатысты мемлекеттік немесе жекелік іс-әрекеттердің барлығында бірінші орында баланың мүддесі қорғалу керек. (2.) Мемлекет балаға көрсетілетін барлық қамқорлық пен қорғанышты қамтамасыз ету керек және осыған сәйкес заңды және әкімшілік шараларды қолданады. (3.) Балалардың қамқорлығы мен қауіпсіздігіне жауап беретін мекемелер, қызметтер мен органдар компетентті органдармен анықталған нормаларға сүйенулері керек.

15. Балалар құқықтары жөніндегі конвенция, 5 бап: Қатысушы Мемлекет ата-аналардың балаларға қатысты жауапкершілігін, міндеттерін және құқықтарын жоғары бағалайды.

16. Балалар құқықтары жөніндегі конвенция, 2.1 бап: Қатысушы Мемлекет аталған конвенцияда келтірілген құқықтардың балалардың нәсілі, тері түсі, жынысы, тілі, діні, саяси көзқарасы, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегі, денсаулық жағдайына қарамастан орындалуын қамтамасыз етеді.

17. Балалар құқықтары жөніндегі конвенция, 6.2 бап: Қатысушы Мемлекет баланың денсаулығы мен өмір сүру жағдайын максималді түрде қамтамасыз етеді.

18. Дискриминация жасамау нақты құжаттағы дискриминацияға қатысты барлық сілтемелерге таратылады.

19. Жыныстық айырмашылық биологиялық ерекшеліктермен байланысты, бірақ бұл биологиялық ерекшелік бәріне бірдей емес, өйткені осы екі ерекшелікке ие индивидуумдар да кездеседі.

20. Осы декларацияның 2-ші принципін қараңыз. Жас мөлшеріне қатысты дискриминация егде жастағы адамдарға да таралады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт, 2.2 бап. Қатысушы Мемлекет осы пактте келтірілген құқықтардың нәсілге, тері түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси көзқарасына, ұлттық және әлеуметтік шығу тегіне қатысты дискриминация жасамай орындалуын қамтамасыз етеді.

21. Гендер ер адам немесе әйел адамға байланысты әлеуметтік, мәдени және экономикалық ерекшеліктермен анықталады.

22. Гендерлік айырмашылық дегеніміз адамның өзін ер адам немесе әйел адам ретінде сезінуі.

23. Сексуалды ориентация дегеніміз қарама-қарсы жыныстағы адамдардың бір-біріне сексуалды ынтығы.

24. Дискриминацияламауға қатысты халықаралық құқықтар жайлы мәліметтерді мына жерден табуға болады:

№.18 Адам құқықтары жөніндегі комитеттің “Дискриминацияламау” туралы құжаты, БҰҰ құжаты HRI/GEN/1/Rev.6 at 146, 2003.

25. CLADEM манифесті <http://www.convencion.org.uy> (26 бетте).

26. Сексуалды сферадағы қауіп-қатерден қорғауға қатысты адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың шешімі болып табылады: *X AND Y v. The Netherlands*, 26 .03.1985 жыл.

27. Балалар құқықтары жөніндегі конвенция, 34 бап: Қатысушы Мемлекет баланы сексуалды эксплуатация мен сексуалды зорлықтың барлық түрінен қорғауға міндеттенеді. Сол мақсатта мемлекет бірқатар шаралар қолданады.

Соның ішінде:

а) баланы заңсыз сексуалды қызметтерден қорғау.

б) балаларды сексуалды жезөкшелік тәжірибесінде пайдалануды болдырмау.

в) балаларды порнографиялық тәжірибеде пайдалануды болдыртпау.

28. Адам құқықтары жөніндегі жалпылама декларация, 29 бап: (1) Әрбір адам қоғам алдында белгілі бір міндеттерге ие. (2) Әрбір адам өзінің бостандығы мен құқықтарын іске асыру кезінде тек заңмен анықталған шектеулерге ғана бағынуы керек. (3) Осы бостандықтар мен құқықтарды іске асыру БҰҰ принциптері мен мақсаттарына қайшы келмеуі керек.

<http://www.un.org/Overview/правs.html>.

29. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт, 12 бап:

А) Осы пактке қатысушы мемлекеттер әрбір адамның құқығын жоғары бағалайды.

Ә) Осы пактке қатысушы мемлекеттер адам құқықтарының орындалуы үшін бірқатар шаралар қолданады:

- Бала өлімін азайту мен баланың қалыпты дамуын қамтамасыз ету.
- Қоршаған орта гигиенасы мен өндірістегі еңбек гигиенасын жақсарту.
- Эпидемиялық, эндемиялық және кәсіби аурулардың алдын алу, емдеу және олармен күрес.
- Барлық адамдарды медициналық қызметпен қамтамасыз ету.

Қараңыз: Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитеттің 14 ескертуі «Денсаулықтың жоғары дәрежелі болуына қатысты құқықтылық», БҰҰ құжаты E/C.12/2000/4 11.08.2000 28-29 пункттарда

30. Осы принципте келтірілген мақсаттарға, міндеттерге кедергі келтіретін заңмен анықталған шектеулермен жұмыс жүргізу қажет. *Қараңыз:* CLADEM манифесті <http://www.convencion.org.uy> 33 бетте.

31. Даму мақсатында өзара одақтасу, БҰҰ агенттері арасындағы өзара түсіністікті ары қарай дамыту

www.undp.org/governance/docs/HR_Guides_CommonUnderstanding.pdf

32. «Қорғау, орындау және іске асыру» түсініктері экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жөніндегі Комиссиясымен бекітілген.

33. *Қараңыз:* CESCO, Ескерту №. 14, 39 пункт.

34. Адам құқықтары жөніндегі жалпылама декларация, 1948. 1 бап: Барлық азаматтар өз бостандығымен дүниеге келеді және тең құқыққа ие болады.

35. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі пакт.

2 бап: Осы пактке мүше мемлекеттер өз территориясындағы азаматтардың құқықтарын нәсілі, діні, ұлты, саяси көзқарасына қарамастан орындалуын қамтамасыз етуі керек.

3 бап: Мемлекет барлық азаматтық және саяси құқықтардың ер мен әйел адам арасында тең болуын қамтамасыз етуі керек.

26 бап: Барлық азаматтар заң алдында тең және ешқандай дискриминацияға қарамастан заң алдында бірдей қорғалуы керек. Осыған қатысты заң әрбір азаматты нәсілі, діні, әлеуметтік және саяси шығу тегі, жынысы, тілі, саяси көзқарасына қатысты дискриминациясыз тиімді және тең түрде қорғауы қажет.

Қараңыз: БҰҰ құжаты HRI/GEN/1/Rev.6 at 146, 2003.

Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін ликвидациялау жөніндегі конвенция, 1979, 1 бап: Аталған конвенцияның негізгі мақсаты жынысы бойынша әйелдерді шеттетуге жол бермеу, ер адам мен әйел адам арасындағы тең құқықтылықты қалыптастыру болып табылады.

Қараңыз: Нәсілдік дискриминацияның барлық түрлерін ликвидациялау жөніндегі комиссияның жалпы нұсқауы.

Тағы жалпы ұсыныстарды қарау керек: Нәсілшілдікке қарсы бағытталған дүниежүзілік конференцияға арналған БҰҰ-ның әлеуметтік аналитикалық құжаты, E/CN.4/1999/WG.1/BR.7 (1999), онда бүкіл халықтық дискриминация мен сексуалды бағыттағы дискриминация арасындағы байланыстар жайлы сұрақтар көрсетілген.

Бала құқықтарының конвенциясы, 1989, 2 бап (1): мемлекет пен оның тұтынушылары конвенция қарастыратын барлық құқықтарды сыйлап қамтамасыз етеді, ол қарастыратын балалар ұлтына, тіліне, тері түсіне, жынысына, дініне, әлеуметтік, саяси тұлғасына, этникалық жаратылысына, материалдық жағдайына, денсаулық жағдайына, туылуына, ата-анасы мен қорғаушыларының және басқа жағдайларға қатысты ажыратылмайды.

(2) “ мемлекет барлық балаларды кез-келген дискриминациядан және статусы, айтылған ой пікірлеріне, ата-анасынан, заңды қорғаушыларынан, туыстарымен жасалатын қиянат іс-әрекеттерінен қорғауға барлық күш әрекетін салады.

Мүгедектер құқықтарының Конвенциясы. 1, 2, 3 және 4 баптар; сонымен қатар дискриминацияға толық тыйым салу 5-ші бап: теңдік пен дискриминациядан тыс болу: 1. Мемлекет барлық адамдар заң алдында бірдей деп шешеді, сондықтан олар дискриминациясыз заңнан бірдей қорғаныш алып және заңды қолдануға құқылы.

2. Мемлекет мүгедектерге көрсетілетін дискриминацияға бірден бір қарсы және де оларға заңнан толық қорғауды және кез-келген негіздегі дискриминациядан сақтауға кепілдік береді.

Тағы қарау керек: Конвенцияның 2-ші бабы «мүгедектерді дискриминациялау» тақырыбына байланысты мүгедектер құқықтарының конвенциясы, онда мүгедектігіне байланысты шығарып тастау немесе шектеу, басқа адамдар сияқты экономика, әлеумет, саясат, мәдениет, азаматтық және басқа аймақтар жағынан құқықтарының бір деңгейде болуын ұйымдастыру, жалындыру немесе шындықты мойындату сияқты жолдар қарастырылған. Ол өзіне дискриминацияның барлық түрін енгізеді, сонымен қатар оған ақылмен қалыптастыру да кіреді.

36. Сексуалдылық және сексуалды бағыттағы пайда болатын дискриминацияларды арнайы жою жолдары.

Toonen v. Australia жұмысындағы адам құқықтарының он бесінші комитет сессиясында көрсетілген. Хабарлама No. 488/1992, БҰҰ құжаты CCPR/C/50/D/488/1992 (1994); <http://hrw.org/lgbt/pdf/toonen.pdf>. және келесі хабарларда және қатысушы мемлекеттерге бағытталған адам құқықтарының соңғы ескертулерінде көрсетілген.

Тағы қарау керек: I. Saiz, “Bracketing Sexuality: Human Rights and Sexual Orientation—A Decade of Development at the UN”, 7 (2) *Денсаулық пен адам құқықтары, әр тоқсандық шығарылым*, 49-80, 2004.

Сексуалдылықтарына байланысты тепе-тең дәрежедегі әйелдер туралы No. 28 жалпы ескертулердің адам құқықтары комитетінің ICCPR: «ерлер мен әйелдердің тең басшылық етуі» атты 3-ші бабынан көруге болады.

CCPR/C/21/Rev.1/Add.10 (2000) БҰҰ құжаты.

37. Біріккен Ұлттар Ұйымы, өзара түсінушілік туралы өтініш: даму және бірлесіп қызмет атқару мақсатында жасалған адам құқықтарын сақтау: БҰҰ агенттері арасындағы өзара түсінушілікті қалыптастыру. 2003 жылы мамырда өткен БҰҰ-ның ведомствоаралық семинары

38. Мысалы қараңыз, әйелдерге байланысты дамыған барлық дискриминация түрлерін жою конвенциясы.

7 бап: мемлекет әйелдерге байланысты әсіресе елдің ортақ жұмыстары мен саяси қатынасқа байланысты барлық дискриминация түрлерін жоюға шаралар қолданады, олар әйелдерге ерлермен бірдей құқылы болуына мүмкіндік береді, бірдей дауыс беріп, бірдей көптеген референдумдар және сайлаушы органдармен сайлана алады.

б) мемлекет саясатының құрылымына және іске асыруына, мемлекетте беделді орындарда отыруға құқылы, сонымен қатар мемлекет басшылығы деңгейінде кез-келген уақытта қызмет атқаруға құқылы.

в) елдің саяси өмірімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың, ассоциациялардың мәселелерін шешуге құқылы.

1997 ж 16-шы сессияда қабылданған «жалпы және саяси өмір» бойынша CEDAW ның 23-ші комитетінің жалпы ұсыныстары бойынша бұл идея үлкен табыстарға жетеді.

Тағы қараңыз: Йогиакарта принциптері 25: *Ортақ өмірге қатысу - негізгі принципі*

Адам құқықтарының сексуалды бағыттарға, гендерлі жекешелікке қолданылу жайлы йогиакарттары.

39. АҚТҚЖҚТБ және адам құқықтары туралы халықаралық басқару (2006 жылғы біріккен басылым). UNAIDS пен адам құқықтары жайлы жоғарғы деңгейдегі бюросы.

<http://www.ohchr.org/english/issues/hiv/guidelines.htm>

40. *Тағы қараңыз:* «бала құқықтары конвенциясындағы жеткіншектердің денсаулығы мен құқықтары контексті» атты бала құқықтары комитетінің 4-ші жалпы ескерту (2003ж.), 8-ші бөлім: жеткіншектердің өз денсаулығы мен құқықтарын ұйымдастыру жайлы көзқарастарының маңыздылығы олар өз пікірлерін кеңінен тарата алуына көмегін тигізеді. (12 бап)

Мемлекет және оның қызметкерлері жеткіншектерге өз пікірлерін өз орталарында, отбасына, мектепте еркін шығара білуіне мүмкіндік жасау керек. Жеткіншектер осы құқықтарын еркін қолдана алу үшін балалармен жұмыс істейтін мемлекет органдары, ата-аналар, басқа да адамдар балаларға өз ойларын жеткізу үшін сенімді орта ұйымдастырып, олардың не

қалайтынын тыңдап, ақпарат алмастырып, жастарды тең құқылы етіп тәрбиелеуге талаптану керек.

41. Мобильділігі мен жынысына байланысты қараңыз. N 28-ші Жалпы тұрғыдағы ескерту.

Адам құқықтары мен «әйелдер мен ерлер арасындағы тепе-теңдік» бойынша комитеті.

Тағы қараңыз: Жүріс-тұрыс бостандығына байланысты 22-ші йогиакарта принциптері мен АҚТҚЖҚТБ және адам құқықтары бойынша халықаралық басқарма, 2006 ж.

42. Азаматтық және саяси құқықтар жайлы халықаралық пактісі. 1966, 9.1 бап: әр адам бостандық пен жеке қол сұқпаушылыққа құқылы. Ешкім өзіндік тұтқындауға және қамап ұстауға құқысы жоқ. Ешкім бостандығынан айырылмау керек, әйтпесе олар заңмен бекітілген көрсеткіштер бойынша жазаға тартылады.

43. Азаматтық және саяси құқықтар жайлы халықаралық пактісі 1966, 7 бап: “Ешкім оның ар-намысын таптайтындай мәжбүрлеуге, зұлымдыққа, адамгершіліксіздікке, аяусыздыққа ұшырамау қажет. Ешкім оның келісімінсіз өздеріне медициналық және ғылыми зерттеулер жүргізуге рұқсат етілмейді. Аяусыздыққа, зорлыққа, қинауға қарсы комитетті америка түрмелерінде әйелдеріне арнап арнайы сексуалды зорлыққа қарсы қорғаныш шараларын ұйымдастырды. Қинаушылыққа қарсы комитетінің қорытындылары мен ұсыныстары: АҚШ 2000; БҰҰ құжаттары A/55/44, пункттары 175-180,2000.

Комитет гомосексуалдар мен басқа жолдағы гендердегі адамдарға бағытталған аяусыздықтар мен зұлымдықтарға жол бермеу үшін қорғау шараларын ұйымдастырды. Қинаушылыққа қарсы комитеттің арнайы бағыттарға көрсетілетін зұлымдық хабаршысы сонымен қатар гендерлік айырмашылық пен басқа да сексуалды жағдайлардың күшейіп келетінін айтып өтті.

Халықаралық сотпен қаралатын анықтамаларды қараңыз, 106-122 бет. БҰҰ құжаты. E/CN.4/2002/76.

44. Көбінесе жеке тұлғалық қолсұқпаушылық құқықтары барлық адамдардың денсаулығымен, әйелдердің зорланушылығымен, басқа да зорлық зомбылық жағдайлардан қорғау арқылы түсіндіріледі.

Әйелдер платформасы атты БҰҰ халықаралық 4-ші конференциясынан қараңыз. (FWCW), Пекин, Қытай: 4-15 қыркүйек 1995, 112 пунктында. БҰҰ бас секретарымен шығарылған «әйелдерге бағытталған барлық қинау шараларын зерттеу» жобалары да әйелдерді барлық зорлықтардан қорғауға бағытталған. БҰҰ құжаты A162/122/Add., 277 пункты.

45. БҰҰ бас ассамблеясының резолюциясы. A/Res/S-23/3, пункт. 69, бұл Пекиндік декларацияға және платформасының бес жылдық қорытындыларына арналған:

<http://www.un.org/womenwatch/daw/followup/ress233e.pdf>

46. Құқық қорғаушылар мүддесінің бас секретарының баяндамасын қараңыз,

E/CN.4/2006/95/Add.1, 22 наурыз, 2006; әйелдерге байланысты зорлықтардың арнайы хабаршысы; E/CN.4/2005/72/Add. 3, 10 ақпан, 2005, пункт 21; адам құқықтары, бақылау және қорытындылау комитеттері. CCPR/C/79/Add.104, 30 наурыз, 1999, пункт 20;

Сотсыз жазалаулардың арнайы хабаршысының баяндамасы, E/CN.4/2002/74, 9 қаңтар, 2002;

Сотсыз жазалаулар, жылдамдатылған, өзіндік жазалаулардың арнайы хабаршысының баяндамасы.

E/CN.4/2001/9, 11 январь, 2001 и E/CN.4/2001/9/Add.1, 17 қаңтар, 2001, пункт 175.

Сонымен қатар халықаралық соттар, сексуалды бағыттар және гендерлік бірегейлікті, адам құқықтарының доктринасы және юриспруденция сілтемелерін қараңыздар. БҰҰ қараша 2007:

http://www.icj.org/news.php3?id_article=4209&lang=en

47. Бұл сұрақ адам құқықтарының халықаралық заңдарында қаралған, мысалы: 51/2 әйелдер деңгейі бойынша әйелдер гениталиінің зақымдалу тәжірибесі қиылысының комитет резолюциясы және қыздарды мәжбүрлеп әйелдікке берудің комитет резолюциясы 51/3. БҰҰ құжаты E/2007/27-E/CN.6/2007/9 әйелдерге байланысты зорлықтар жайлы арнайы хабаршының баяндамасы: «әйелдерге байланысты зорлық жағдайлар қолданылатын отбасылық дәстүрлі тәжірибелер» E/CN.4/2002/83 31 қаңтар 2002.

48. АҚТҚЖҚТБ және адам құқықтары жайлы халықаралық басқармасы. 2006 (біріккен басылым 2006 жыл). Адам құқықтарының жоғарғы деңгейлі бюросы және UNAIDS: <http://www.ohchr.org/english/issues/hiv/guidelines.htm>

Сонымен қатар Еуропаның секс жұмысшылары. Еуропа секс жұмысшыларының манифест пен декларация құқықтарын қараңыздар: http://www.sexworkeurope.org/site/index.php?option=com_content&task=view&id=24&Itemid=201

7 - ші йогиакартаның принциптерін қараңыз.

50. 5- ші йогиакартаның принциптерін қараңыз.

51. 1998/52 адам құқықтары бойынша БҰҰ-ның комитет резолюциясы, “әйелдерге қарсы зорлықтар қиылыстары”,

ESCOR Supp. (No. 3) at 171, БҰҰ құжаты. E/CN.4/1998/52 (1998); әйелдерге қарсы зорлықтар мен оның салдары мен себептері бойынша арнайы хабаршысы ханым Радика Кумарасвами баяндамасы, адам құқықтары жайлы комитет резолюциясы 1997/44. БҰҰ құжаты E/CN.4/1998/54

Гомосексуалды және дәстүрлі емес гендерлік жекешелікке байланысты салдары жайлы ескертулер (трансгендерлер, транссексуалдар) және паналаушы орындар, қараңыз: сотсыз жазалаулар жайлы әлеуметтік хабаршының баяндамасы, E/CN.4/2002/74, 9 қаңтар, 2002; сотсыз, жылдамдатылған, өзіндік жазалаулар жайлы әлеуметтік хабаршының баяндамасы, E/CN.4/2001/9, 11 қаңтар, 2001 и E/CN.4/2001/9/Add.1, 17 қаңтар 17, 2001, пункт 175.

Халықаралық соттар комиссиясын қараңыз: «адам құқықтары деңгейіндегі сексуалды бағыттар мен гендерлік жекешелік, юриспруденцияға сілтемелер

мен адам құқықтар жүйесінің доктринасы. қараша 2007, беті 177-180:
http://www.icj.org/news.php3?id_article=4209&lang=en

52. Қашқындар бойынша БҰҰ-ның жоғарғы беделділері (UNHCR), қашқындарға қарсы сексуалды зорлықтардың дамуының алдын алу шаралары бойынша басқармасы, 1995,
1995. www.unhcr.org/publ/PUBL/3b9cc26c4.pdf

23-ші йогиакарта принциптерін қараңыз.

53. Қашқындар бойынша БҰҰ-ның жоғарғы беделділері (UNHCR), қашқындарға қарсы сексуалды зорлықтардың дамуының алдын алу шаралары бойынша басқармасы, 1995, 1995.
www.unhcr.org/publ/PUBL/3b9cc26c4.pdf

Сонымен қатар БҰҰ-ның жоғарғы беделділерінің қашқындар, қайтып келгендер, ішкі көшпенділер мен сексуалды бағыттары гендерлері жсекеленген адамдарға көрсетілген зорлықтар жайлы құжаттарын қараңыз. Жауап қайтару шаралары жайлы басшылық және 23-ші йогиакартаның принциптері.

54. Саяси және азаматтық жайлы халықаралық пактылар, 17 бап: ешкім адамдардың отбасылық өміріне, жеке бұйымдарына, ар-намысы мен репутациясына заңсыз қол сұға алмайды.

55. Қараңыз «АКТҚ науқастанатын серіктестердің статусын ашып көрсету; мысалы әйелдер үшін келетін кедергілерді, нәтижелерді және үлестерді» (Женева: ВОЗ, 2004)

http://www.who.int/гендер/documents/en/VCTinformationsheet_%5b92%20KB%5d.pdf.

Толық баяндама: [//www.who.int/гендер/documents/en/гендерdimensions.pdf](http://www.who.int/гендер/documents/en/гендерdimensions.pdf)

56. 9-шы йогиакартаның принциптерін қараңыз.

57. 9-шы йогиакартаның принциптері.

58. Әйелдер мен балалардың және барлық адамдардың шет елдерге сатылуын алдын алуға байланысты, және ол үшін жазаға тартыландығы жайлы БҰҰ протоколы.: http://www.unodc.org/unodc/en/crime_cicp_convention.html#final

59. . 19-шы йогиакартаның принциптері

60. Адам құқықтарының бүкілодақтық декларациясы. 1948, 19 бап: барлық адамдар өз пікірлерін айта білуге құқылы және де мемлекеттік шектеулерге қарамастан өз идеяларын білдіріп, оларды тарата білуге құқылы.

61. 19-шы йогиакарта принциптері.

62. Адам құқықтарының бүкілодақтық декларациясы, 20 бап: барлық адамдар тыныш ассоциациямен жиналыстарға қатысуға құқылы.

63. Әлеуметтік, экономикалық, мәдениет жайлы халықаралық пактілер, 12.1 бап: Пакты қатысушылары барлық адамдар физикалық және психологиялық денсаулықтың шегіне жетуіне құқылы.

64. Әлеуметтік, экономикалық, мәдениет жайлы комитеті. 14-ші жалпы жағдайдағы ескерту: денсаулықтың ең жоғарғы шегіне жетуге құқықтылық, (12 бап әлеуметтік, экономикалық, мәдениет жайлы халықаралық пактісі, 2000).

65. Сексуалды және репродуктивтік құқықтар жайлы Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация хартиясы:

<http://www.ippf.org/en/Resources/Statements/IPPF+Charter+on+Sexual+and+Reproductive+Rights.htm>

21-ші йогиакарта принциптерін қараңыз.

66. Әлеуметтік, экономикалық, мәдениет жайлы халықаралық пактісі, 15.1 бап(b): Пактіге қатысушылар адамдардың келесі құқытарын мойындайды

b) Білім саласындағы прогрестерді қолдануға және оларды тәжірибеге енгізуге.

67. Әйелдерге қатысты барлық дискриминацияларды жою конвенциясы. 10 бап (h): Мемлекет әйелдер мен ерлер құқықтары тең болу үшін, олар бірдей білім алу үшін, отбасын жоспарлауға тең құқылы болу үшін оларға бағытталған барлық дискриминацияларды жоюда қызмет етуде.

68. *Қараңыз.* Халықты орналастыру мен оны дамытуға бағытталған халықаралық конференция. БҰҰ құжаты, A/Res/S-21/2, пункт 73:

Мемлекет барлық жастар мен халықты жұмылдыру арқасында осы декларация жоспарларының іске асыруға бар күштерін салуда. Онда ата-аналардың құқықтары, осы жоспардың 7.45 және 7.46 бөлімдеріне сай жастардың сексуалды және репродуктивтік құқықтары, балалардың білім алуға құқықтылығы, жасөспірімдер арасында жүктілік санын төмендету мақсатында өзінің жеке сексуалды және репродуктивтік денсаулығына байланысты өзбетінше шешім қабылдауға құқықтылығы, олардың діни және мәдениет ерекшеліктері, олардың мектептен тыс орындарда да білім алуға құқықтылығы қарастырылған.

http://www.unfpa.org/icpd/docs/icpd5/resolution/icpd5_eng.pdf

69. Сексуалды және репродуктивтік құқықтар бойынша Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация Хартиясы, 8.1:

<http://www.МФПС.org/en/Resources/Statements/МФПС+Charter+on+sexual+and+reproductive+rights.htm>.

70. 24-ші йогиакарта принциптері.

71. Әйелдерге қатысты барлық дискриминацияларды жою конвенциясы. 16 бап (1)(e): Мемлекет келесі сұрақтарға байланысты әйелдерге бағытталған барлық дискриминация түрлеріне тыйым салады: әйелдер мен ерлер теңдігі, отбасындағы бала санының нешеу болатындығы мен олардың арақашықтығы неше болатыны жайлы және білім алудың барлық жолдарын қолдана алуға құқылы екені жайлы сұрақтар қаралған.

72. 28-29-шы йогиакарта принциптері.